

Казакстан

ISSN
0206-3409

МЕКПЕБІ

5-6 • 2007

жарык төрмөлдөл, макалалардың
жарыктуу чынышын, берилген сабак
даа болып берсе депенин. Эгер баш-
тада таанып, берүүгүүсүнен олардың
түркм. макалаларын жарыктуулышты
етеди. Анынчынан кийин жарык
«Казакстан» мектеби журна-
лы «Казакстан» мектеби журна-
лы «Казакстан» мектеби журна-
лы «Казакстан» мектеби журна-


ту, оку артигу, гашшада
багалыу нормалары,
Кураладын пайдалы
тис жумистин тү-
лени Б. Күмешев
басын, Н. Ахметов
басы, В. Ысыкбай
ва, Е. Наурбай
адын художници
Айжанын үлкен
опытынага күн
бистердин ху-
жатын башы
Анданын.

Sol sňaqta—eq „Çan Mektep“ çomelden başlangıçta 8 yıl eğertyygide vəqz
sanb. Bul çornaldan, cıraq bastagınnıa 8 yıl toladı. En elqacqı
Resçilik oqvu kemeseñitine cıraqta nastedi. Bul çornal sol kezdegi
telimp „Çan Mektep“ statigası edi dejd. Sondaq orıç çornaldarına elik
„Coldsay“ uls Moldanalı adı daşıyır. Çatqan orıç çornaldas. Ni degen
çatqanın cıbelimalı, dyn
çatqanın çenastımlı.

Sonsu men qasat tarbiq
zjan istegen gelärndan colis
medenijet çumiss keke de
diginen bolur kerek. Sonde
tagaj-ndalcanan: Sarı, İlja
kamynesterimizden sonqar
bold. Cornakja bas kaz

• گەلەتەن (كەلە)
• گەلەتەن (كەلە)
• گەلەتەن (كەلە)
• گەلەتەن (كەلە)

«مینی «دادل و سی شادا» جو پوشش پیدا کردن، نکن و ولایا، باستانی، کوزی هب و وندز، شام چشم مسنا «نیشی» و فتو میا، های را سالانه در تقدیم و می دارند که و پرورش را که بزموده باشد، بگاهی و بقایه شخصی بخوبی «پرسن» دهند.



ТАНЫМ ЖАНРЫНЫҢ ІЗАШАРЫ

Қазақ журналистикасының көрнекті өкілдерінің бірі, белгілі жазушы Жанат Орынбайұлы Елшібек биылғы мамыр айында 60 жасқа толды. Журналист Жанаттың, жазушы Жанаттың өзіндік орны ерекше болек. Өйткені, оның аты-жөнін білмейтін мектеп оқушысы, мектеп мүгалимі жоқ-ау, сірә! Бұл сөзіміздің дәйекті дәлелі де бар. Қазақ әдебиетіндегі танымдық жанрдың көкжиегін кеңейтуге халқадерінше септігін тигізген қаламгер Жанат Елшібектің танымдық туындыларының деңі балалар басылымдарында жарияланған.

Бұкіл гұмырын баспасөзге аринаған оның психологиялық, логикалық ой-жүмбақтары, ребустары мен криптограммалары, сөзжұмбақтардың сан-алуан түрлері мектеп қызырғаларында откен танымдық кештерде, қызықты ойын-сауықтарда тұрақты пайдаланылып келеді. “Сен білесің бе?”, “Зерек”, “Мың бір қызық”, “Таным” тәрізді кітаптары мектеп оқулықтарына қосынша құралдарға айналды. Танымдық жинақтардың авторы оннан астам көркем кітаптар жазып, адамгершілік, эстетикалық, тәрбиелік мәні зор бірнеше кітаптар құрастырды. Жазушы, Журналистер одағы сыйлығының үш мәрте лауреаты Ж.Елшібек шығармаларының алтын арқауы – алау жүректі жасоспірімдер, мектеп тынысы, үстаздар өмірі, өзі туып-өсқен Балқаш өңірінің бальцышылары. Олар – “Алтын үя”, “Студенттік меридиандар”, “Атамекен”, “Карлығаш”, “Жогалған теңіз”, “Шагала-лар жылай ма, осы?...”, “Қош бол, теңіз”.

Есімі республикамызға жақсы таныс, қазақ баспасөзінің қара шаңырағы – ел газеті “Егемен Қазақстанның” жауапты хатшысы, қаламдаст әріптесіміз Жақанды мерей жасымен құттықташ, шығарма-шылық табыс, мықты денсаулық, қанаты қайырылmas шабыт қияльын тілейміз.

Журнал оқырмандарының назарына мерейтой иесі жайындағы марапат мақаланың орнына редакцияның өтініші бойынша жазылған қаламгердің өзімен өзі сырласудан туған сұхбатты ұсынғанды жөн көрдік.

Редакция.

“ӨЗГЕ ЕМЕС, ӨЗІМ АЙТАМ ӨЗ ЖАЙЫМДЫ...”

Әユелде тосырқап қалғаным рас. Баспасөз тәжірибесінде жи үшыраспайтын жанр. Өзіңнен өзің сұхбат алу. Тосындау емес пе? Бірақ... теренцірек мән берсем, Бас редактор Сайраш Әбішқызының уәжі де орынды төрізді. “Несі бар ынғайсызданатын. Кемел кезеңнің төріне шығып отырган тұста өз оқырмандарыңмен сырласудың онтайлы да оралымды сәті. Әрі танттаурын көпірме мақаладан гөрі жанды дүниес талғампаз жүрттың ойынан да табылар...” Тәжірибелі қаламгердің ұсынысы маған батылдық үшқыныңдай корінгенд. Кез келген газет-журнал басшысы тәуекел еттейтін тосын жанрда өзіммен өзім шешіліп бір сырласқанды артық санамадым. Дауылпаз ақын Қасым жырлағандай “өз жайымды” шертейін. Сонымен, өзім өзім қойған алғашқы сауал:

— Сыр-сұхбаттың әлкиссасын әріден өрбітіп көрелік. Баспа жүзін көрғен тұнғыш дүнием қандай еді?

— Элі есімде. Құні кешегідей жаңғырады-ай... Республикалық “Қазақстан пионері” газетінде (қазіргі “Ұлан”) алғашқы хабарым жарияланған күн. Алтыншы-жетінші сыйныпта оқып жүрген кезім. Куанышымда шек жоқ. Басағы он жолдан аспайтын тұңғышымың苍 аты — “Пионерлерге риза”.

Газет-журналдарға мақала жазып жіберуге ен бірінші тұрткі болған менің шешем болатын. Шағын балықшы ауылшының жұпымының кітапханасынан көркем әдебиет кітаптарын жаздырып алғып оқытынымды байқаған анамның бірде кенес ретінде айтқаны бар. ... Сен де көрген-білгениңді қағазға түсіріп көр. Қунделік жазып үйрен. Мектебің туралы, ауылдагы жақсы істер жайында Алматыға, пионер газетіне хабар-ошар жазып жіберер...” Сөйтіп, анамның ақылымен мақалалар жаза бастадым. Сонын бірі жоғарыдағы дүнием газетке шығысымен ауылдың, мектептің жаңалықтарын, кішкентай достарым мен балыкшылар өмірінен үлкенді-кішілі материалдарды редакциялардағы жолдай бердім. Үздік-создық бірі жарық көріп жатса, кейбіріне редакциялардағы ағайлардан жауап хат келеді. Төбем көкке жеткендей мәзбин. Іле-шала балалар басылымында достық тақырыбына жасаған екі ребусым жарық көрді. Содан бері бүкіл ғұмырымда айнымас серігіме айналған танымдық ойындардың екі мыңға тартпа түрін құрастырыптын. Олардың өзі төрт-бес томға жетеді.



— Мектеп қабырғасында жүрген жылдары бүркүратып шығатын материалдарымның сонына қойылатын фамилиям студент атанған күннен бастап өзгерді. Хат-хабар жазысып келген балауса достарым кезінде газет-журналдар арқылы мені іздеғені де есімде. **Бұрынғы фамилиям Орынбаев еди.**

— Соғыстан кейінгі мамыражай уақыт. Төрт жылға созылған оқ пен оттың дүмпүінен енсе көтерген Балқаштың жағасындағы, шалғай түкпірдегі аядайд-аядай балықшы ауылдарындағы ете жұпымыны мектептерге де жан бітеп бастаған. Мектеп — тек аты. Әйтпесе, еденінде тақтайы жоқ, қамыс шатырылар қоржын там. Он-он бес бала. Кейде екіге болініп, кейде бірігіп әлір құрқылтайтын үясындағы ғұлменде ың-шыңсыз сабагымызды оқимыз. Соғыстан бір аяғынан жараланып қайтқан түсі сүйк Базархан мұғалімнің қаталдыры сондай — партада отырғанда жөн-жосықсыз қыбырлаттайды-ау. Ал сабакты түсіндіргенде тастай. Миынды ашып, кітаптағы жазылғанды әдемілеп құя салады. Білімді үстаздан алған онегені күні бүгінге дейін тек біздің шағын ауыл ғана емес, бүкіл Сарыесік аймағы аныз етіп еске түсіреді-ай. Базархан ағаның алдын қөрген оқушылардың кез келгенінің жазуы, яғни қолтаңбасы маржандай. Мектеп табалдырығын аттап, партада отырған мезеттен көркем жазып машықтануға айрықша мөн береді. Екінші бір қасиеті — оқушы балаға

Көп ұзамай жас тілші атандым. “Қазақстан пионерінің” шағын кітапханасын женіп алдым. Бұл сый әжептөүір ынталандырыдь. Жазуға құштарым арта түсті. Қаламымды үштай келе мөлтек әңгімелер, суреттемелер, очерктер, этюдтер жазып, олар пионер газетімен бірге “Лениншіл жас”, “Қазақстан мұғалімі”, “Жетісу”, “Спорт”, “Қазақ әдебиеті”, “Ара”, “Балдырган”, “Білім және еңбек”, т.б. газет-журналдарда үзбей жарияланып тұрды. Балалар әдебиетінің классигі Бердібек Сокпақбаев айтпақшы: “Жазып қойып, өзіме-өзім сенбей, оқып-оқып басыма жастанамын”. Мен де осындағы күй кештім. Сол жазған дүниелерімнің арқасында институтқа түсіп кеттім.

Бала кезімде жазғандарым көзге ыстық. Канша дегенмен “штеп шыққан шубар жылан” гой. Алдагы уақытта жарық көретін шығармалар жинағымның көптөмдігінің кішігірім сол материалдардың бірен-саралын жаңларга жүйелеп, жіктеп “Қауырсын қалам” атты болек болімге топтап үсынғанды жөн санаудым. Жазу өнеріне үмтүлған бүгінгі жас тілшілерге үлгі-өнеге болар. Нендей жақсы, тәлімді істің өзі еліктеуден, ұлы Абай атамызша бейнелесек “үқсан бағудан” туындал жатса керек.

— Мектеп қабырғасында жүрген жылдары бүркүратып шығатын материалдарымның сонына қойылатын фамилиям студент атанған күннен бастап өзгерді. Хат-хабар жазысып келген балауса достарым кезінде газет-журналдар арқылы мені іздеғені де есімде. **Бұрынғы фамилиям Орынбаев еди.**

қарындашты әдемілеп үштауды үйретіп, сыйып қабыргасына өзі ағаштан жонып алған “плакат қаламушымен” көрнекті етіп әйдік ақ қағазға жазып, іліп қойған көбейту кестесін күніне әлденеше мәрте сұрап отырады. Алғашқы айларда мен ештеңені түсінбеппін. Коржын қос болмеде төрт сыйыптың оқушылары араласып дәріс алады екен. Бізден үш-төрт жас үлкен, бәлкім одан да жогары, сырғықтай-сырықтай қыздар мен үлдар да жүр. Арапарында бір сыйыпта екі-үш жыл отыргандары да барға үқсайды. Бәрі таныс.

Анғал, анқау заман-

ды қойсайшы. Баста-
уышты бітіріп, он бі-
ріншіні көрші Көлбір-
ліктегі орта мектепте тә-
мамдадым. Куанышта
шек жоқ. Қолымда –
күміс медаль. “Қолым-
да” деймін-ау, өзірге
оны маган сішкім ұстас-
татын емес. Құміспен
жазылған аттестатты алу
үшін – төлкүжат керек.
Мінеки, осы тұста кіш-
кентай ауылымыз үлкен
дүрбеленге түсті. Тууы
туралы қуәлікте біраз ба-
лалардың аты-жөндері



басқаша, ал мектептегі фамилиялары мүлдем өзгеше жазылып келіпті. Он жыл бойы. Сол жүгірмектердің қатарында мен де болып шықтым. Құжат бойынша менің фамилиям Орынбаев емес – Елшібеков, Тілеубектікі Ажаров емес – Шалбаев, Шағай Бекбаевтың аты-жөні тұтас өзгеруі тиіс, яғни Шешенхан Қамибеков болып. Сыйыптас қыздарымыздың есімдері де қате жазылып келіпті. Дабыл – Жаңылға, Есен – Есенгүлге, Сәкен – Сандуғашқа, Құлән – Құләндага заңдастырылмақ. Қулкілі-ак оқига. Жер түбіндегі аудан орталығы мен қияндағы Балқаш қаласына шапқылап жүріп аты-жөндерімізді құжат негізінде зорға жаңарттық. Сөйтсек, бағыда-да бірінші сыйыпқа же-
тектеп алғып келген ата-әжелеріміз: “Е-е, мынау Орынбайдың баласы, ана қара-
тентек шешесі Ажардың ұлы, ал бұл дәкей соғыстан қайтпаган ағаның тұяғы
гой...” деп ауызша жаздыра салған гой. Менің де осылайша Орынбаев боп
жүргенім. Абай атындағы мемлекеттік университеттің филфагіне түскеннен
бастап, материалдарыма ұлы атамың есімін қоя бастадым. “Жанат Орынбаев-
ты тауып беріңіздер...” сарындас хаттарды сол кезде газет-журналдарда істейтін
аға-апайлар редакцияға бас сүкканымда өзіме ұстаратын.

Албырт шақта адам арманышыл, тым романтик болатыны аян. Әсершіл қөңіл қеүсар да мөлдір. Ұлан-байтақ еліміздің түкпір-түкпірінен аттасына ондаган хат алатынмын. Өз қатарластарыма ерінбей, табанда жауап жазып жіберем. Тіпті, ежелгі достардай едік. Әрқалай себеппен хат үзіліп қалса, жақсы нәрсенді жоғалтып алғандай кепке түсетін алансыз бір дәурен десеши! Жыртып тастауға қимай, қозімнің қарашығында жинаған сол хаттарымын өзі екі шабадан. Үшінші курста жүргенде Қостанай облысына ауыл шаруашылығы жұмысына аттанарда, жатақхананың жүк қоймасына тапсырғанымын-ды. Үшты-күйлі жоғалтып кетті. Қойған жерімнен таппадым... Бір қуаныштысы, сол хат иелерінің біразымен студент кезімізде жүздесіп, кейнірек, тіпті, бір шаңырақтың астында қоян-қолтық қызмет атқардық. Журналистиканың ыстық-
суығын бірге көтердік. Орайы кеп түрганда солардың аты-жөндерін атайын. Олар – Жақау Дауренбеков, Ырым Кененбаев, Қайсар Әлім, Даulet Исабеков, Сәлім Мендибаев, Әнуар Қырбасов, Мінәжадин Сермагамбетов, т.б. Бүгін таңда бұларды бүкіл республика біледі. Қабыргалы қаламгерлер, білікті бас-
пагерлер. Ал шымкенттік жас тілші-құрдасым Даүлеттің өзі тұрып келген занғарадай үй-жайын босатып, қазактың біртуар ағыл азаматы Дінмұхамед Қонаев мешітіне айналдыруы жүрек шымырларат сауапты да иманды іс. Екінің бірінің қолынан келе бермейтін қасиетті тірлік. Неге қуанбассын?!

— “Созден сөз туады”. Атам қазак бекер айтпаған. Тіл ұшына жетіп келген

жағдайттарды ішке бүгіп қалғым келмегендіктен, еркін әңгіме тиегін ағытып отырын. Қалам ұстаған жанның қалтарысты қырларынан хабардар болсын деген ой. Журналистік енбек жолыма аз-кем тоқталайын.

— Журнал оқырмандарына, мұғалімдерге бағытталған сұхбатта тосындау штріхтарға көбірек мән бергенде дұрыс қордім. Журналистиң, жазушының бүкіл еңбегі мен қызметі — жүрттың көз алдында. Аты-жөнін, не жазып жүргенін үнемі қадағалап отырады. Әрине, әдайлеп емес. Колына түскен басылым беттеріндегі дүниелерін оқып, қадағалайды. Ол автор ұнаса, іздел жүріп оқиды. Оқырман талғамынан артық таразы жоқ. Сол біктен табылуға, сол үдеден шығуға үмтүлатын қаламгерлер өмірбаки ізденсе керек. Өйткені, қазір не көп? Жазарман көп?! Ашығын айтқан жөн. Журналистиканың қасиеті мен қадірі қашып тұр. Бір қызығы, оның себеп-салдарын қолыңа шырақ іздел шықсан да таптайсың. Ешкімді де кінәлай алмайсың. Қоғамның көз алдында, қалың қауымның назарындағы қалыпты жағдай іспетті. Әйтпесе, өткен ғасырдың алпысынышы жылдарында, тіпті бертіндегі сексенінші жылдардың өзінде журналистика — нағыз романтикалық мамандыққа айналып, дүркіреп тұрды емес пе. Менің журналистік еңбек жолымның әлгі мезеген даңқты кезеңнен бастау тартқанына қатты қуанамын. Мын тәуба шүкір. Балғын да қауырсын қаламды болаттай шындар журналистиканың үлкен устаханасы — “Лениншіл жаста” (“Жас Алаш”) он жылға жуық тер тектім. Соңғы курста жүргенімде қызметке қабылдаған тұнғыш редакторым — Шерхан Мұртаза. Ал жас тілшілердің сайыпқыран бапкері Сейдахмет Бердіқұловты мектеп қабыргасында жүргенде-ақ улы үстаз санайтынмын. Араға жыныр ма жыл уақыт салып “СК”-да (бүгінгі “Егемен Қазақстан”) Шерағаңмен қайта кездестім. Қалам қуатын, талант қарымын тамыршыдай деп сезетін, әрі бағалай білетін Бердіқұлов пен Мұртаза мектебінен өткенімді өрдайым мақтаныш етемін.

Кезінде қазақ баспасөзінің қарашаңырағы “Егемен Қазақстанға” қатарынан үш жыл бойы құда түсіп жүріп қызметке қабылдаған Сапекең — Сапар Байжановтың газет жасаудағы тәжірибесі мен тағылымы тым бөлек. Өзекті әңгіме желісін құрайтын өнегесі өрісті-ақ. Қаламға сүйеніп, ала қағазға тесілген қырық жыл аралығында он бір бас редактор, жүздеген журналистермен иыш тіресе қоян-қолтық енбек етіппін. Әрқайсысы бөлек-бөлек тұлға, бөлек-бөлек тағдыр. Бүгінгі қазақ журналистикасының, қазақ әдебиетінін бір-бір уықтары. Зиялды қауымның сақа сойы мен оғлан ойын құрайтындар да — осы қаламгерлер. “Әр көллада бір қиял” демекші, газеттің ішкі кухнясы туралы, қаламдас әріптестер хакында, олардың шығармашылық әлемінің жалпақ жүртқа беймөлім тұстарын баян ететін роман-эссе жазып жүрмін. “Журналистика жұмбагы немесе Сейдахмет Бердіқұловтан, ... Сауытбек Абдрахмановқа дейін” атты қөлемді бұл туындыда талай жылдардың жаңғырығы арқау болмак. Менінше, кітап атынан-ақ көп жайды анғару киын емес.

Құдайға шүкір, газет бетіндегі өмірбаяным мені де абыройлы мәртебеге бөлегендей. Фұмырымды киелі шаңырақтың астында өткізіп келемін. Қоңті көрдім, қоңті үйрендім, қоңті түйдім...

— Осы орайда комейіме мынадай сауал тірелгендей. Егер файыптан өмірімді қайтадан бастар болсам, қазіргі кәсібімді өзгертер мекен... Жоқ әлде...

— Ойланbastan кесіп айтарым: журналистік мамандығымды таңдар едім. Басқа кәсіпке еш икемім жоқ. Жазу-сызуға құштарлық — қаныма сінген қасиет. Бойындағы қабілет-дарынды үздіксіз үштау тек әркімнің өзіне байланысты. Өзін-өзі менгере алмаған, өзін-өзі ие бола алмаған талай таланттың тағдыр төлкегіне түсіп, жоғарып кеткенін өз басым жақсы билемін. Қоңілімде сөл-пәл күмән бар. Бүгінгі қитұрқы, екіжүзді заманда газет-журналдарға тұяғымды іліндіре алмаймын ба деп қорқамын. Өйткені, оның да, солың да әділестіздік. Шарасынан шығып мөлтілден тұр. Өткен ғасырдың алпысыныш-жетпісінші жылдары журналистерді жазғандарына қарап бағалап, конкурстан өткізіп, қалам қуатын елеп-екшеп барып қызметке қабылдайтын. Қазір тілші тұрмак, хат тіркеуши мен корректорға дейін тек жоғарыдан соғылған қоңыраудың күшімен, тамыр-тансыстықпен ғана орналасады. Артық айтқандық емес, көзіміз көріп жүрген әддегегі жағдай. Менің жоғарыда крышам да, танысым да жоқ. Менің протекциям да, руым да — қаламым. Осы жерде отыз жыл бұрын бастан кешкен бір жайды жаңғыртайын. “СК”-ға көркемдеу бөліміне

менгеруші бол редколлегияда бекіп шыққан бетте басшылардың бірі бөлмесіне шақырып алғып “Сенің әкес жалайыр ма, олде шешең бе?” деп міз бақпаса, келесі күн ата сақалы аузына түсken ақсақалдардың бірі “Бала, сені бізге кім әкеlei отыр, осы?” дегенін бар. Абдырапт қалған мен әріптестерімнің оғаш қылыштарына қайран қалдым. Еріксіз іштей күбірледім. “Қайран, Сейдахмет ага! “Ленжаста”, өзініздің қасыңызда он жыл жүргендеге біздің қай жерден, қай рудан екенімізді жалғыз мәрте сұрамапсыз-ау!.. Ойлаганыңыз тек қаламның бабы гана еді.. Енді, міне. Қандай ортага тап келдім. Мүмкін емес. Үлкен үжым болған соң ұсақ-түйек жайларды бықситатындар ұшырасатын шыгар...” Қателеспептін. Аз уақыттың ішінде жақсы адамдардың арқасында СК-ға бауыр басып кеттім.

— **Чайнвورد, ребус, сканворд қазак үшін тосындау екені даусыз. Сөзжұмбак жасау хоббиім жайында айтса кетсем. Бұл озі өнер ме, ойын ба?**

— Әңгіме басында жаздым. Осы кезге дейін екі мындан астам кроссворд түрлерін жасаппын. Оның бәрін тәптиштеп, жіліктемей бірер түйінді пікірімді ортага салғаным орынды секілді. Ой өнерінің ордасы – танымдық туындылар. Ал олардың түрлері жиырмага жетеді. Кейірін тізбелесек: жогарыда атағандардан басқа, криптограмма, анаграмма, пиктограмма, шарада, сөзтізбек, стрелкограмма, метаграмма, т.б. психологиялық, логикалық ой-жұмбактар. Қай-қайсысы да адам қабілетін шындал, мінезд-құлқына әсер етіп, табандылыққа, төзімділікке тәрbiелейді. Немістің әйгілі жазушысы, әрі драматургі Брехт айтқандай: “Ең бастысы – адамдарды ой сараптауга үрету”. Әрине, сөзжұмбақ түрлерін жасау оңай емес. Бұдан бұрын газет-журналдар танымдық дүниелерді өте сирек жариялайтын. Соңғы жеті-сегіз жылдың бедерінде кроссвордсыз, сканвордсыз газет шықпайды-ау. Тіпті, жеке-жеке танымдық басылымдар жарыса жарық қөруде. Бұл – жақсылықтың, жаңалықтың нышаны. Қазіргі электроника, компьютер дәуірінің талабы. Ойы үшкыр, қиялы бай үрпақтың қалыпты өмір сүру әдетіне айналғанын анық қорсетсе керек. Шетелдерде танымдық кітаптар жүйелі түрде сериялап шығып тұрады. Бізде бұған ешқашан жете мән берілген емес. “Сен білесің бе?”, “Зерек” төрізді танымдық ой-жұмбак кітаптары кезінде мектеп оқулықтарына қосымша құрал ретінде қолданылғаны анық. Бірақ, реєсми түрде тиісті білім мекемелері, оқу министрлігі ешқашан көніл аударған жоқ. Сол баяғы қанға сінген енжарлықта. Әйтпесе, менің танымдық жинақтарымды мектеп оқушылары шырақ жағып жүріп іздемес еді гой. Жарайды. Уақыт өтті, уақыт кетті. Селт етпес көніл күй бәз-баяғы қалпында. Сонында қалған ізімге үнілгенде жүргімеге қуаныш үйретін елеулі істер тындығанымды тізбелеуге болар еді. Өйтпедім. Қеуде соғып мақтанғандай көрінемін. Сөйттес де осыдан ширек ғасыр бұрын КСРО-дағы тұнғыш алып сөзжұмбактың авторы екенімді мереілі сезіммен жаңғыртқым келеді. Қазақстандағы ең үлкен сканвордты құрастығанымды да оқырман есіне түсірсем деймін. Осылардың қай-қайсысын құрастығанда да мен оған ойын ретінде емес, үлкен өнер ретінде жіті көніл болғанімді ерекше ескертемін.

— **Таза әдеби туындыларымды қай кезде жазып едім? Газет жұмысынан қол босамайды ғой. Жалпы жазуга отырғанда бап тандаймын ба? Осы тақылеттес сұрақтарды қулагым жи шалады.**

— Рас. Газет шығарудың машинаты мен мехнаты толып жатыр. Сырт көз мұны біле бермейді. Компьютер келгенге дейін мұлдем қын-ды. Қорғасынмен терілген материалдарды түзетіп, беттеу үрдісі тым көп уақыт алса, бұл жұмыстарды компьютер бірер минеттің ішінде орындаиды. Бүгінгі мүмкіндік ғажап! Сол күнгі болған оқиғаны электронды басылымдармен жарыса, қалыспай жариялайтын газетшілердің тірлігін бағалай білген жөн. Уақытпен, сағатпен санаспай тұннің бір уағына шейін редакцияда жүретін журналистердің дені таза әдеби шығармашылықпен айналыса алмайды. Глуде біреуға ғана көркем дүние жазумен тұрақты шүғылданады. Жанкешті қаламгерлердің біразы газет шаруасынан қалт еткен мезетті текке жоғалтпауга үмтүлады. Тунде бала-шагаларын үйіктатып тастан жазуына кірісетін мәлім. Әрине, бұған жағдайың мен денсаулығың болуы керек. Қоپтеген журналистердің бірынғай шығармашылыққа бет бұрып кеткенін өз басым жақсы білемін.

Қанша дегенмен газет қамыты жазумен еркін айналысуға бөгет. Кезінде “Лениншіл жаста” қатар қызмет істеп жүргенде Оралхан Бекеев пен Марат

Қабанбаевтың ауыздарынан тастамайтын тәмсілдері бар-тын. “Назыз жазушы болуды армандастындар газетте ұзақ отырып қалмауы керек...” Дүрыс пікір. Жоғарыда бүге-шігесіне дейін актартасам да газеттің қара жұмысы мүжіл тастайды. Оның үстіне көркемдік шеберлігіде де белгілі дәрежеде сөзсіз ықпал етеді. Шынайы әдеби тіл мәселеlei төнірегінде әңгіме қозғалғанда, “газеттік тіл” деген ұстынның үнемі алға тартылуы осыдан. Мойындастын қағида. Әйткенмен де қалам киептін жаңымен сезінетіндер әркез талғам биігінен көрінуге тырысады. “Әдебиет – ардың ici”. Сөз зергері, академик Зейнолла Қабдолотовтың темірқазық талабын жадымыздан шығармаған абзаз. Құлдібадам, дәлдүріш дүниелердің өмірі қашанда қысқа. Жылуы жок, айтары жок кәкіршүкір кімге қажет?! Газеттің қым-қуыт қарапетімен жүріп мен де біраз әңгіме, повестер жаздым. Қалам қуатын байқап көртім келіп, әрі жазушылық қабілетімді сын тезінен өткізуі мақсат етіп “Жалын” баспасының дәстурлі жабық бәйгесінде бақ сынап көрдім. “Қош бол, теңіз...” повесім жүлдеге ие болды. Осылайша өз қаламымның күшін, мүмкіндігін таразылағанмын-ды. Шынын айту керек, о кездегі “Жалын” конкурсы қара қылды қақ жарған әдеби емтиханның ең шоны болатын. “Жазылмайтын жара” хикаяты отты жылдар жаңғырығына арналса, “Жетім жүрт” повесі қияндагы балықшы ауылшының тіршілік-тынысын сөз етеді. Табиғат-тылсымның зер салып байқай бермейтін құпиясы мен жұмбағын өзек еткен “Жаңғырық” – мөлтек әңгімелерден құралған хикаят. Кезінде “Жас Алаштың” кітапханасында оншақты нөмірде жарияланды. Оқырмандар қоюлған шықты. Өзіме де үнайды. Мұны қадап айтып отырғанымның сыры бар. Кез келген қаламгер, ең алдымен өз шығармасын өзі бағалай, күрметтей білуі тиіс. Әрине, әділ де қатан жүрек сүзгісінен өткізгенде ғана ақиқатты айырасын. Өйткені, қазіргі есеп-қисапқа құрылған қоғамда біреуді аспандатып шынға шығаруға да, құлдыратып құрдымға құлату да онай. Несін жасырамыз, алыста емес, сіз бен біздің маңайымызда болып жаткан әдеттегі құбылыс. Абзазы осы сырқатымыздың мендең кетуіне жол бермейік...

Жазушының дені бап таңдайды. Жазу толғагын қызыз сөзбен бейнелей алмайсың-ау. Сөз балқытқан, сөз қорытқан, сөз қорыған кісінің мінезі қебіне кіді әрі кірпияз. Қиял қанатын бұғалықтап, қаламынды ала қағаз бетінде жоргалатудың бабы да қылы-қылы. Мәселен, әйгілі американ жазушысы Эрнест Хэмингуэй өз бойына лайықтап арнайы жасатып алған үстелде түрептүрүп жазған. Ал татардың ұлы ақыны Мұса Жәлел семсер-жырларын фашизмнің тас қапас түрмесінде жатып-ақ тасқын селдей төгілткен емес пе. Біздің қазақ қаламгерлерінің арасында да жазу сәтіндегі өзгеше әрекеттерімен дараланатындары бар. Шабыт шақырудың, бап күйттеудің әсері мен ықпалы зор болса керек... Атақты жазушы Фабит Мұсірепов өз қолымен мұнтаздай етіп ұшталған оншақты қарындашпен кезек-кезек жазады екен. Сұнғыла суреткер Мұхтар Мағауин әлі қүнге дейін сүйікті ғадетінен бір айынған емес. Мұхан бүкіл шығармасын бағытта антикварға айналған №11 оқушы қаламушын сия сауытқа малып жазатын қөрінеді. Қорнекті қаламгеріміз Дүкенбай Досжаннның қылығы мұлдем қызық. Ол өз туындыларын едеге етбетінен жатып алып бүркіратып жаза береді, жаза береді. Сол секілді кейір жазушылар тек тунде жазып, күндіз үйіктайды. Ал мен өз дүнислерімді жазуға сенбі-жексенбі қундерін, сондай-ақ еңбек демалысымды пайдаланам. Газеттіде басқа уақыт жок.

– **Журналистік ұзақ жолда есте қалар оқиғалар көп. Шетінен көгендең, тілге тиек етуге әбден болады. Бірақ, сұхбат қолемі қотермейді. Оңтайлы тұста журнал оқырмандарын құлағдар етіп қандай келенсіз жағдайларды жаңғыртып еске түсірсем екен?**

– Тағы да қайталап ескертемін. Қырық жылға жуық газеттегі тірлік – бірер кітапқа арқау болары сөзсіз. Өз басымнан өткен екі жайдан ғана нақты мысал келтірсем деймін. “Ленжаста” жүргендеге балықшылар өмірінен “Шагалалар жылай ма, осы?..” атты оптимистік очеркім жарияланды. Қызыл цензураның қылпылдаш түрган кезінде Сейдағаң қорықпай осы тақырыпқа кол қойған-ды. Литоның түнгі кезекшілеріне “тиіспендер, өзгертпендер” деп ескертүімен аман-ессен жарық көрген осы очеркітің тақырыбын кейінірек “Жалын” баспасынан шыққан жинақта авторға білдірмей өзгертіп жіберілті. Қалай

дәйсіз гой? “Шағалалар жырлай ма, осы?..” Әр нәрседен үріккен, коленкемізден қорыққан заман-ай! Екінші келенсіздік – генерал Сабыр Рақымовтың зайыбы Құралай Натуллаева хақындағы очеркімде Сабырды қазак деп әдейдеп ашық айтпай, Шымкент облысында тұган дегенім үшін ЦК-ға түсінік жазуға тұра келді. Очеркті басқан “Қазақстан өйелдері” журналының Бас редакторы Этина Жәкетова апайға ескертү жасалған еді. Сауысқаннан сақ кеңестік империяның соракы істеріне құніренесің бе, күлесін бе? Өзбектерге төлініп кеткен генерал тағдыры ойланарлық-ак. Азаттығымызды альп, төуелсіздігімізге ие болғаннан кейін жарық көрген кітабымды “Шағалалар жылай ма, осы?..” деп атадым. Бұл – еркіндіктің құдіреті!

— **Біз де ет пен сүйектен жаратылған пенделер сапынанбыз. Өз ойың, өз түйсігің бар. Ақ пен қара жонінде, жақсылық пен жамандық жайындағы өзіндік пікірін болатыны да заңды секілді. Расында бұл тұжырымдар төнірегіндегі сұраптарға не дер едім?**

— Мақтанғаным емес, кез келген адамды сөз саптауынан-ақ бірден анғарамын. Сөйлеу мәнері мен ізет-ілтиратынан о кісінің кім екенін билемін, яғни мінезі мен адами қасиеттерінің қаншалықты деңгейде екенін сеземін десем артық айтқандық болмас. Конғынан өмандада таза, ниетінің мөлдір, пейілінің ашық болғанына не жетсін! Дүниенің кілті – пейілд.

Атам қазақ өмірден түйгендерін мәйекті нақылға өріп кеткен. “Пигылы жаман адамды түье үстінен им қабар”. Текке күшенбейік. Бұдан артық ешкім де айта алмас. Жақсылықтың жолы да, жоні де – жарық.

Ең жек көретінім – өсек, отірік, аярлық. Адам бойында ұшырасатын осынау жаман қасиеттерді өз жандарына жақыннатқысы келмей тыраштанатын мұскіндер де бар. Олар туралы ежелгі қытай ойшылы Конфудзы мен күні кешеғана дүние кешкен ұлы Абайдың бірдей дөп ойлауы ғажап! Оны қайталап сіздерді мезі қылым келмейді, сүйікті менің өкірманым.

Ұлылардың ойларына бойлау әсте мүмкін емес. Сөйтсе де оның тұнғырынан сіміріп, ғибратты тағылымынан өнеге алу – парыз. Мениң қойын дөптерімде құнделікті тірлігімнің бағыт-бағдарындаид, адастырмас жол сілтеуши құбыланамдай көрінер атақты адамдардың аузынан шыққан асыл ойлар үзіктері көп. Қаламнан қолым босаған қалт еткен сөттерімде жанар жүгіртіп коямын. Солардың кейірін бірігіп оқықшы. “Аққуга оқ тисе, қанатын суга тидірмес, Ақсүекке оқ тисе, көрийсіне сездірмес” (Бөлтірік шешен), “Шірік агастан өрнек шықпас” (Конфудзы), “Ұят – беттің пердесі” (Майлықожа жырау), “Қорықсаң – бастама, бастадың ба – қорықпа!” (Шынғысхан), “Тонас адам – тірі өлік” (Магжан).

Өмір сабактары бүгіннен ертенге – келешекке ұласа бермек.

— **Дәстүрлі түйінді саяал: болашақ жоспарым жайында аз-кем ой болісейін. Не жазып жүрмін? Не жазбақын?**

— Ой тоқтаған жерде өмір де тоқтамақ. Бүгінгі мүмкіндікті пайдалана отырып, көкейдегіні шідерлемедік. Қалам ұстаған барша әріптестер секілді ілгерігі құндерден үміт күтеміз. “Уақыт – сынап” деген кітабым биыл “Ана тілі” баспасынан шықпақ. Ұзын ырғагы мен сұлбасы басымда пісіп тұрған “Ауылда қалған балалық” повесін қағазға түсіргім келеді. Әзірге өзге жұмыстардан босар емесін. “Журналистика жұмбағын” үзіп-үзіп жалғастырудамын, ұзакқа ұласатын сынайты. Басталып, жазылмай қалған әнгімелер циклын аяқтау ойда. Ен басты еңбегім – болашақта басы біріктірілөр көлемі 50-60 баспа табақ танымдық ой-жұмбактар мен құлы-құлы қызықтар кітабы. Энциклопедия іспетті бұл жинақ қазақ тіліндегі өзіндік бөлекші кітап болары күмәнсіз. Бәрін де уақыт көрсетпек. Алладан сұрайтыным – тек бас амандағы, ел тыныштығы. Байқайсыздар ма, көп адамдар зейнет демалысына шыққан соң жемісті еңбек етуде гой. Құнделікті қүйбенен, қара жұмыстан алаңсыз құтылғандықтан шығар. Әбден мүмкін. Әйгілі француз жазушысы Стендаль он сегіз жасында-ақ құнделігіне былай деп жазыпты: “Әр минөтіміз санаулы, ләzzат алып, жан рахатына бөлөнуге асығайық. Еңбек етейік, өйткені қуаныштың атасы – еңбек. Қажыр-қайраттен бәріне жетуге болады”.

Еш боямасыз дәл айтылған лепес. Ендеше біз де әрдайым қуанышқа кенелтер қалам қуатының әлсіремеуін тілейік.

Оқырманмен сырласып, ой боліскең мерейтой иесі – Жанат ЕЛШІБЕК.